М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

# 2022-2023 оқу жылындағы аға тәлімгердің

# талдау жұмысы

Орындаған: А.Д.Кувандыкова

Ақтөбе 2022-2023

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі**

**2022-2023 оқу жылының талдау жұмысы**

**Қойылған мақсат, міндеттерінің орындауы.** «Бірыңғай «Жас Ұлан Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» 2011 жылы 6 шілдеде Нұр Отан Халықтық Демократиялық партияның 11 сьезінде Респуьликалық қоғамдық бірлестігі негізінде құрылған ұйым. Мектептегі Жас Ұлан ұйымының 2023-2024 оқу жылында жұмыс жоспары жасалды. Жоспар өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруды көздейтін іс-шаралар негізінде құрылды.









2022 жылдың 3 - ші қараша күні мектепішілік "Арайлы, алтын күз" сайысы 9-10 сынып оқушылары арасында өткізілді. Байқау шарты бойынша қатысушылар сахнада өздерін таныстырып, одан кейін күзгі дақылдардан қолөнер, экибаналарына жарнама жасай отырып, көпшілікке көрсетті. "Күзгі ханзада мен ханшайым" кезеңінде қолдан жасалған сән үлгілерімен қатар, дастархан мәзірі бойынша үйден күзгі өнімдерден жасаған тағамынының құрамы мен жасалу жолдарын айтты. "Өз өнері" бөлімі бойынша би билеп, қойылым қойып, ең соңында қойылған сұрақтарға жауап берді. Байқау соңында қазылар алқасы ұпай санын есептеп, жоғары көрсеткіш көрсеткен жұптарды марапаттады. "Бас жүлдені" иеленген 10 Б сынып оқушылары Құрбанбаев Райымбек, Мусабек Эльзат, 1-ші орынды иеленген 10 А сынып оқушылары Жанғали Ансар, Актамакова Мадина, 2-ші орынды иеленген 10 Ә сынып оқушылары Әбу Мади, Қайроллаева Аружан, 3-ші орынды иеленген 9 В сынып оқушылары Шарипов Акжан, Даймағанбет Аружан, "Көрермен көзайымы" номинациясы бойынша 9 Б сынып оқушылары Арманұлы Әбілмансұр, Молтышева Наргиз иеленді.






2022 жылдың желтоқсан айының 13 жұлдызында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер Республикалық бірыңғай ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Мектебіміздің 153 оқушысы, соның ішінде 75 оқушы «Жас Қыран», 78 оқушы «Жас Ұлан» бірыңғай қатарына қабылданып, төсбелгілері тағылды.




14-желтоқсанда, азаматтығымыздың айбыны, азат күніміздің айдыны, ерікті еліміздің еңсесін көтеріп, мерейін асқақтатқан киелі де, қасиетті, ұлық мереке ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды.




Желтоқсан айының 25-28 жұлдызында «Қалалық оқушылар сарайының» ұйымдастырылуымен «Жаңа жылдық сыйлық» қайырымдылық операциясы өткізілді. Қайырымдылық іс-шараға аға тәлімгер, мектеп оқушылары, ата-аналар атсалысты. Әрқайсысы өз мүмкіндіктеріне қол ұшын созып, жиналған тұрмыстық заттар, киімдер, ойыншықтар және мектеп тәлімгерінің қаржылай берген көмегі Қалалық Оқушылар Сарайына тапсырылды.





2023 жылдың қаңтар айының 9 жұлдызында 4-5 сыныптар аралығында «Көңілді аққала» атты сәндік қолданбалы шығармашылық жұмысы ұйымдастырылды. Ұйымдастыру барысында 4-сыныптан 3 отбасы, олар: Әбділдә Сержан 4 «Д», Айса Айкерім 4 «Ә», Балғазы Әсет 4»А» кластары және 5 сыныптан 5 отбасы, Қраутай Нұрбек 5 «А», Оразғалиева Дильназ 5 «А», Қанатұлы Дәулет 5 «Ә», Марат Нұрай 5 «Б», Атақан Сұлтан 5 «Б» класс оқушылары белсенділік танытты.



10-31 қаңтар аралығында «Tik-tok» таланты қашықтан байқауы ұйымдастырылып, оқушылар өз тик ток каналдарына #тиктокталантыактобехэштегімен жұмыстарын салып, әр жанр бойынша 1-орын алған жұмыстар қалалық кезеңге жолдама алды. Олар Ұланбасы Балтабай Аңсаған 9 «Г», Жәутікова Фатима 4 «Ә», Ережеп Сезім 4 «Д» сынып оқушылары. Қалалық Оқушылар Сарайының» ұйымдастырылуымен қалалық кезеңде жоғарыда аталған 3 оқушының жұмысы топтық жұмыс боп бағаланып жүлделі 3 –орын иеленді.




Қаңтар айының 28-де 2 сыныптар арасында **«Үздік математик»** зияткерлік байқауының мектепішілік кезеңі өтті. Сынып жетекшілерінің 2 тоқсандық математика пәнінің бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша әр сыныптан 4 оқушыдан алынып, барлығы 10 оқушы қатыстырылды. Ең жоғары ұпай жинаған 2 «Ә» класс оқушысы Оразай Ілияс қалалық кезеңге жолдама алып, мақтау қағазымен марапатталды.



Ақпанның 3 күні аға тәлімгерлер арасында «Қалалық оқушылар сарайы» ұйымдастырған «Көкжиек life» қалалық ұжымдық шығармашылық бағдарламасы онлайн форматта өткізілді. Аға тәлімгерлерді 4-топқа бөліп, әр топқа тапсырма берілген. Бізге берілген тапсырма «Мобильді репортер» - өзекті мәселелерге байланысты бейнематериал, бейнесюжет немесе фотосуреттер топтамасын дайындау берілді. Өзекті мәселе автобустардың

жүру уақыты мен қыстың күні аялдаманың жабық тұруы ретінде халықтан сұхбат алынып, мобильді репортаж түсірілді.



11 ақпанда «Жас Ұлан» мектеп кеңес құрамымен «Өзін-өзі басқару» тақырыбында кезекті отырыс өткізілді. Онда «Жас Ұлан» ұйымының мақсат міндеттері, бағыттары, жұмыс тәсілдері мен күтілетін нәтижелер айтылды.



Ақпан айының 14-жұлдызында «Геолог» мәдениет үйінде Кеңес Одағы әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылған күніне орай, **«Ауғанның от жалыны»** атты ауған соғысының ардагері Қойлыбаев Марат Айтуғанұлымен кездесі ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері қатыстырылды. Кездесу барысында ардагер «Жас Ұландықтардың» қойылған сұрақтарына жауап беріп, ұнаған мардымды сұрақтарға өзінің сыйлықтарын берді. Атап айтқанда 10 «Ә» класс оқушысы Темірхан Асылмұрат және 9 «В» класс оқушысы Әбдіразақов Жаннұр сыйлықтарға ие болды.








Ақпанның 22-де «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымы, «Сырғалым», «Еріктілер» клубтары арасында ойтолғау өткізілді. Оқушылар слайд бойынша тапсырмаларға байланысты пікіралысып, өз ойларын ортаға салды.



2023 жылдың наурыз айының 1-жұлдызында алғыс айту күніне орай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымы «Мың алғыс!» атты репортаж жүргізді. Мектебіміздің Ұланбасы Балтабай Аңсаған мен сыныпбасы Әбдібек Ақнұр алғыс айту күні туралы мағлұмат беріп, мектеп әкімшілігіне және ұстаздарға «алғысым шексіз» постерлерін таратты. Сонымен қатар дәлізге жазып жабыстырды. Мұғалімдерден, оқушылардан видео жолдау арқылы алғыстар айтылды.





Наурыз маерекесі қарсаңында мектебімізде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Көктем аруы-2023» атты қыздар байқауы өткізілді. Байқауға қатысқан оқушыларымыз кезең бойынша - өздерін таныстырып, өнерлерін көрсетіп, салт-дәстүрге байланысты мұрақтарға жауап беріп, қол өнерлерімен және ас мәзірімен бөлісті. Байқау қызықты, әрі тартымды өтті. «Көктем аруы - 2023» байқауына қатысқан аруларымыз барлығы жүлделі нминацияларға ие болды. Бірінен –бірі озық болған арулар байқау қорытындысына сәйкес, Бас жүлдені яғни «Көктем аруы - 2023» атағын 8 «Ә» класс оқушысы Әбдібек Ақнұр иеленді.

 

2023 жылдың 12-наурызында «Мен және спорт» атты «Жас Ұлан» ұйымы, яғни 8 сыныптар арасында спорттық эстафета өткізілді. Жарысқа «Арын», «Жас Ұлан», «Еріктілер», «Спорт» атты 4 команда түсіп, 1 орын «Спорт», 2 орын, «Арын», жүлделі 3 орын «Жас Ұлан» және «Ұйымшыл» команда номинациясы бойынша «Еріктілер» марапатталды.

 

Наурыз айында мектебімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ББЖҰ «Жас Қыран» ұйымының мүшелері арасында «Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері, «Ертегілер әлемінде» атты көрмесі өткізілді. Мектебіміздің 2-5 сыныптар белсене ат салысып, суреттері дәлізге қойылды.

  

Наурыздың 14-18 аралығында «Көрісу» күнінен бастау алған іс-шара қарсаңында тәрбие бөлімі: Ұлттық салт – дәстүрдің ата дәстүрдің ұрпаққа мұра ретінде берілуінің маңызын оқушыларға түсіндіру, оқушыларды ұлттық салт-дәстүрге адал болуға, оны қастерлеп ұдайы сақтауға, жасампаздықпен дамытуға үйрету, ұлтжандылыққа, ата-салтына беріктікке, парасаттылыққа тәрбиелеу мақсатында 15-минуттық үзіліс уақытында оқушыларға **«Тұсау кесу»** рәсімінің көрінісі қойылды.



2023 жылдың 17-наурызында **«Көктем келді, Наурыз келді»** атты мектепішілік мерекелік концерт ұстаздар мен мектеп оқушыларының қатысуымен өткізілді. «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесін ұлттық салт – дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. мерекелік шарада ән, би сонымен қатар қойылымдар қойылды.



2022-2023 оқу жылындағы сәуір айының 7-сі күні Қалалық Оқушылар Сарайының «Көкжиек» аға тәлімгерлер клубының кезекті отырысында М.Арын Қарғалы қазақ орта мектебінің тәлімгері А.Д.Кувандыкова «Көңілі көтеріңкі тәлімгердің, еңбегі де жемісті» тақырыбында тәлімгерлік шеберхана өткізді.



2023 оқу жылының сәуір айының 15-де «Жас Экотілші» облыстық экорепортаж байқауы өткізілді. Мақсаты: балалардың экологиялық мәдениетке деген үйлесімді көзқарасқа тәрбиелеу. Мектебіміздің 9 «Г сынып оқушысы Құрбанбаев Райымбек «Табиғат аясындағы Тимбилдинг» тақырыбында экорепортаж түсіріліп жолданды. Нәтижесінде жүлделі 2 орын иеленді.





15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне арналған 5-6 оқушыларының арасында «Отбасым менің мақтанышым» тақырыбында бейнеролик дайындалды. Мақсаты: Отбасылық қарым-қатынастың оң тәжірибесін тарату, жас ұрпақтың жоғары рухани-адамгершілік, әлеуметтік және жеке қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.






19 мамыр «Қалалық оқушылар сарайында» Ақтөбе қаласы бойынша «Жас Ұлан» ұйымының Ұланбасылары мен мектеп аға тәлімгерінің 3 жылдық есеп беру концерті өтті. Концертте мектеп тәлімгері мен Ұланбасы белсенділік танытып, сахнада өнер көрсете білді. М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің Ұланбасы Балтабай Аңсаған және мектеп тәлімгері Кувандыкова Арайлым Джалгасбаевна мақтау қағазымен марапатталды.

